

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰЛТТЫҚ ТЕНІЗ КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КОМПАНИЯСЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
Құжат атауы: Іскерлік этика кодексі		
Құжат атауы: Кодекс	Код: KMTF-CD-115.1-07	16 беттің 1-беті
Өзірленді: комплаенс офицер Е.С. Мырзаханов 2023 жылғы «24» <i>ақпан</i>	Мақұлданды ҚТКФ Басқармасының 2023 жылғы «24» <i>ақпан</i> шешімімен № <i>04</i> хаттама	Бекітілді ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2023 жылғы «24» <i>ақпан</i> шешімімен № <i>04</i> хаттама

МАЗМҰНЫ

1. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	2
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
3. ӨРЕКЕТ ЕТУ САЛАСЫ.....	5
4. ІСКЕРЛІК КОДЕКС ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ.....	5
5. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР	7
6. ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ	10
7. ОМБУТСМЕН ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС	13
8. КОДЕКСТІҢ САҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ	14
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	15

1. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

1.1. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚТКФ	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Кодекс	ҚТКФ Іскерлік этика кодексі
ЕТҰ	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС еншілес және/немесе тәуелді ұйымдары, соның ішінде бірлесе-бақыланатын ұйымдары және бірлескен кәсіпорындары
ҚР	Қазақстан Республикасы
Жалғыз қатысушы, ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы
Лауазымды тұлғалар	ҚТКФ Қадағалау кеңесі және ҚТКФ Басқармасының мүшелері
Мүдделі тараптар	ҚТКФ қызметін жүзеге асыруға немесе шешім/жоба қабылдауға ықпалдасуы немесе ҚТКФ қызметінің шеңберінде осылардың мүдделері қозғалуы мүмкін жеке және заңды тұлғалар
Қызметкер	ҚТКФ өзара еңбек қатынастарында тұрған және жұмысты тікелей еңбек шарты бойынша орындайтын тұлға, сондай-ақ шарт немесе азаматтық-құқықтық сипатындағы шарт бойынша агенттіктер арқылы тартылған өзге тұлғалар
Басқарушы қызметкерлер	Осы Кодекс мақсаттары үшін бағынысында басқадай қызметкерлер бар басшылар және/немесе құрылымдық бөлімшелер, құрылымдық бөлімшелердің, филиалдардың, өкілдіктердің, департаменттердің, қызметтердің/топтардың басшылары және өзгелер
Бәсекелес	ҚТКФ қызметтеріне (жұмыстар, тауарлар) ұқсас қызметтерді ұсынатын (жұмыстарды орындайтын, тауарларды сататын) жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға
Контрагент	ҚТКФ осылармен өзара шарт жасасқан немесе жасасуын жоспарлаған жеке немесе заңды тұлға (мәселен, қызметтерді ұсыну/тауар жеткізілімін

	жүргізу, агенттік келісім, ҚТКФ активтерін сатып өткізу шарты және басқасы)
Мүдделер тартысы	ҚТКФ Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғасының Жеке пайдасы немесе қызметі ҚТКФ мүдделеріне қайшы келетін немесе осылармен қайшы келуі ықтимал және осылайша олардың өз қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде орындамауына әкеліп соқтыруы және ҚТКФ қатысты мәселелер жөнінде объективті шешім қабылдауға теріс әсерін тигізуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе жағдаяттар
Сыбайлас жемқорлық	кез келген нысанда, соның ішінде пара мен параға коммерциялық сатып алу түрінде тікелей немесе делдалдар арқылы материалдық және материалдық емес заңсыз пайда табу, ұсыну, уәде беру, пара беру-алу; және/немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекетін жүзеге асыру кезінде Делдалдық, және/немесе қызметтік жағдайын теріс пайдалану, уәкілеттіктерін теріс пайдалану, сондай-ақ жеке тұлға бола отырып қызметтік жағдайын ҚТКФ заңды мүдделеріне қарсы заңсыз пайдалану, соның ішінде заңсыз пайда табу мақсатында өзі немесе үшінші тұлғалар үшін материалдық және материалдық емес не болмаса атап көрсетілген тұлғаға басқадай жеке тұлғалар арқылы осы сияқты пайда табуды заңсыз ұсыну
Жеке пайда	лауазымды тұлғаның/қызметкердің қызметтік міндеттерді орындауы кезінде ақша, құндылықтар, өзге мүлік немесе мүлік сипатындағы қызметтер түрінде кірістерге, жеке басы немесе үшінші тұлғалар үшін мүліктік, мүліктік емес құқықтарға ие болуы ықтималдығы
Саяси маңызды адам	1) Мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не болмаса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік органда мемлекеттік қызметті атқаратын және мемлекет міндеттері мен

	<p>функцияларын іске асыру мақсатында қызметтік уәкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;</p> <p>2) Лауазымда тұлға – тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілеттік бойынша билік өкілдерінің функцияларын жүзеге асыратын не болмаса мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларын атқаратын адам;</p> <p>3) Шетелдік лауазымды тұлға – шет мемлекеттің лауазымды тұлғасы, соның ішінде шетелдік жария жиналысының мүшелері, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары, халықаралық парламент жиналысының мүшелері, шет мемлекет судьялары және халықаралық соттың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ шет мемлекеттердің әскери күштері мен өзге әскери құрамаларындағы лауазымды тұлғалар</p>
<p>Омбутсмен</p>	<p>өз атына өтініш білдірген Қызметкерлерге кеңес беретін және еңбек дауларын, дау-жанжалды, әлеуметтік-еңбек сипатына ие проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚТКФ Қызметкерлерінің іскерлік этиканы ұстануына ықпалдасатын тұлға</p>

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Осы Кодекс ҚТКФ корпоративтік құндылықтарын белгілейді, Мүдделі тараптармен іскерлік мінез-құлық пен өзара қатынастардың неғұрлым маңызды қағидаттарын және қағидаларын белгілейді және барлық ҚТКФ қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары басшылыққа алуға тиіс корпоративтік этика жинағы деген ұғымды білдіреді.

2.2. Кодекс ҚР заңнамалық ережелеріне, ҚТКФ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, сондай-ақ халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ескере отырып әзірленді.

2.3. Егер Кодекстің жеке ережелері ҚР заңнамасына қайшы келетін болса, ҚР заңнамасының ережелері қолданылады. Егер, Кодекстің жекелеген ережелері әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге немесе әлдекімнің тиісінше мінез-құлық қағидалары туралы көзқарасына қайшы келген жағдайда, Кодекс ережелері қолданылады.

2.4. Кодекс ҚМГ іскерлік этикасын қамтиды, оны ұстануға ықпалдасады және оның ережелеріне қайшы келмейді.

3. ӘРЕКЕТ ЕТУ САЛАСЫ

3.1. Кодекс ережелері ҚТКФ барлық қызметкерлеріне олардың атқарып отырған қызметіне қарамастан теңдес деңгейде қоданылады. ҚТКФ әрбір қызметкері Кодекс ережелері мен талаптарымен таныс болуға, қабылдауға және оларды ұстану міндеттемесін жазбаша түрде растауға міндеттенеді.

3.2. ҚТКФ және оның қызметкерлері барлық қызметтік деңгейде, ҚТКФ барлық Мүдделі тараптарымен және тұтастай жұртшылықпен өзара қатынастарда стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде сияқты күн сайынғы жұмысты орындау кезінде Кодекс ережелерін қабылдауға және оларды үздіксіз және мүлтіксіз ұстануға тиіс.

3.3. Кодекс талаптарының бұзушылықтарына жол беретін іс-әрекет (әрекетсіздік) жасаған немесе осыған жол берген Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар тәртіптік жазаға белгіленген тәртіппен осыған негіздеме болған жағдайда тартылады.

3.4. Қалыптасқан міндеттемелердің мәніне қайшы келмейтін бөлігінде Кодекс ҚТКФ Мүдделі тараптары, сыртқы серіктестері мен ҚТКФ өзара жасасқан азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс жасайтын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, сондай-ақ ҚТКФ тапсырмаларын орындайтын не болмаса үшінші тұлғалардың алдында ҚТКФ мүдделерін танытатын жеткізушілер, мердігерлер және кеңес берушілер үшін ұсыныстық сипатқа ие болады, егер олардың іс-әрекеті ҚТКФ атынан жүзеге асырылатын болса.

3.5. Осы Кодекс ережелері негізінде ҚТКФ ЕТУ оның ережелерін өзгерту және толықтыру мүмкіндігіне ие бола отырып осыған ұқсас жеке Кодекстерін әзірлеуі және бекітуі мүмкін. ҚТКФ белгіленген тәртіппен ҚТКФ ЕТҚ осы Кодекс ережелерін қабылдауды не болмаса осы Кодекс ережелеріне қайшы келмейтін осыған ұқсас саясаттарды басшылыққа алуды ұсынады.

4. ІСКЕРЛІК КОДЕКС ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1. ҚТКФ негізгі және корпоративтік құндылықтары ретінде мыналар болып табылады:

4.1.1. Әділдік

- 1) адал болу;
- 2) берген уәдесінде тұру және өз ұстанымдарына қайшы келмеу;
- 3) барлығына теңдес мүмкіндіктерді беру және әділ болу;

4.1.2. «SAQTYQ» / Қауіпсіздік

- 1) Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы – ҚТКФ үшін сөзсіз басым мәнге ие болады;
- 2) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде табандылық таныту;
- 3) Қоршаған ортаға және ҚТКФ мүлкіне өз мүлкі сияқты мұқият қарау;
- 4) Этика нормаларын, қағидаларды ұстану және шешімдерді дұрыс қабылдау;
- 5) Ақпарат құпиялығын сақтау.

4.1.3. «BIRLIK» / Бірлік

- 1) ҚТКФ ортақ жетістіктеріне қол жеткізуде ұмтылыс тұтастай бір команда ретінде біріктіреді;
- 2) Қызметкерлердің және осылардың өзара іс-қимылының процестерден және құралдардан маңызды болуы;
- 3) Әрбір қызметкердің қолынан келгенше ортақ іске барынша үлес қосуы және осыған ниет білдіруі;
- 4) Атқарған қызметтеріне және орындаған міндеттеріне қарамастан бір команда болып міндеттерді сапалы шешу; жалпы нәтиженің қызметкердің жеке басының нәтижелерінен жоғары болуы;
- 5) Әрбір қызметкердің басым тұстарын ескере отырып бір біріне қолдау көрсету.

4.1.4. Даму

- 1) алдыңғылардың бірі қатарында озат болу;
- 2) адамдарды инвестициялау;
- 3) әлемдік компания болуға ұмтыла отырып озат болу және ұдайы дамып отыру.

4.1.5. Жауапкершілік

- 1) шешімдерді байыпты қабылдау;
- 2) экономикаға әсер ету, қоршаған орта мен қоғам, ұзақ мерзімді құн өсімі және ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін Жалғыз қатысушы, жұртшылық және инвесторлар алдында жауапкершілікті сезіну;
- 3) жіберген қателіктерін қайталамау;
- 4) табандылық таныту және тәртіпті болу.

4.1.6. Этикалық мінез-құлық

- 1) Жалғыз қатысушының, Мүдделі тұлғалардың және тұтастай жұртшылықтың сеніміне ие болу. Сенім арту жоғары этикалық нормаларды ұстану нәтижесінде туындайды;
- 2) қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттің негізін құрмет білдіру, адал, ашық болу, командалық рух пен сенім, адал ниеттілік және әділдік сияқты жоғары рухани құндылықтар құрайды;
- 3) мемлекеттік тілге және басқадай тілдерге, өзі мекендеген өңірдің салт-дәстүрін және әдет-ғұрпын құрметтеуде басқаларға айрықша үлгі болу, мінез-құлық мәдениетінің жоғары рухани және этикалық нормаларын ұстану, ҚТКФ беделіне нақ

осы шақта және болашақта теріс әсерін тигізуі мүмкін қоғамға және этикаға жат мінез-құлыққа жол бермеу.

4.1.7. Ықыластылық

- 1) компания мүдделерінің жеке басының мүдделерінен жоғары болатынын қабылдау;
- 2) компанияға қатысты немқұрайлылық танытпау және қол жеткізген жетістіктерді бағалау;
- 3) тұтастай бір команда болу.

5. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР

5.1. ҚТКФ барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларының мінез-құлқының негізгі қағидаттары

5.1.1. ҚТКФ барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары ішкі корпоративтік мінез-құлықтың мына негізгі қағидаттары мен қағидаларын ұстанады:

- 1) Кодекс ережелерін зерделеу, ұғыну және адал орындау;
- 2) өз міндеттерін және ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын кәсіби деңгейде орындау;
- 3) ҚТКФ мүлкі мен қаржылай қаражатын тек қана қызметтік мақсаттарда пайдалану және басқару;
- 4) мүдделер тартысынан аулақ болу, сыбайлас жемқорлық пен алақтықты қабылдамау;
- 5) құпиялы ақпаратты ашып жария етпеу;
- 6) осы Кодекс бұзушылықтары туралы уақтылы хабардар ету.

5.1.2. Жалдау мен еңбектің тепе-тең талаптары

- 1) ҚТКФ ҚР заңнамасын, сондай-ақ өзі жұмыс жасайтын мемлекеттерде қолданысқа енгізілген жергілікті заңнамаларды сақтайды;
- 2) ҚТКФ Қызметкерлерді және Лауазымды тұлғаларды жұмысқа қабылдау, олардың жетістіктерін бағалау және қызметте ілгерілету кезінде нақты және ашық критерийлерге негізделген бірыңғай қағидалардың болуын қамтамасыз етеді;
- 3) Қызметкерлердің құқықтарын қорғау және сақтау мақсатында ҚТКФ Қызметкердің бірлесу және ұжымдық шарттарды жасасу құқығын мойындайды.

5.1.3. Кемсітушілікке және қысым көрсетуге тыйым салу

- 1) ҚТКФ бойынша, соның ішінде қалжыңдау нысанында қорқытуға және нәсіліне, дініне, ұлтына, жынысына, саяси және өзге көзқарасына, әлеуметтік тегіне, мүліктік және қызметтік жағдайына, қарым-қатынас тіліне және басқадай жағдаяттарға қарай қайсы-біреуге қатысты кез келген кемсітушілікке жол берілмейді.

5.2. ҚТКФ басшы қызметкерлерінің мінез-құлқының негізгі қағидаттары

5.2.1. ҚТКФ басшы қызметкерлерінің міндеттері:

1) Қызметкерлердің Кодекс ережелерімен танысуын, оларды сақтауын және этикалық мәселелерді талқылауға бастамашылық танытқан Қызметкерлерге қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

2) Кодекс бұзушылықтарын жою бойынша шараларды тез арада алу;

3) Қызметкерлерді бағалау кезінде Кодекс талаптарының сақталу қажеттігін ескеру;

4) ұжымда ашықтық және ілтипаттық қатынастардың ортасын қалыптастыру;

5) Қызметкерлерге қолданыстағы заңнаманың, Кодекстің немесе өзге жергілікті нормативтік актілердің талаптарын бұзушылыққа жол беретін тапсырмаларды бермеу;

6) лауазымдық қызметіне назар аударту және оны бағыныстағы адамдардың мүдделеріне залал келтіретіндей пайдаланбау.

5.2.2. Қызметкерлерге және лауазымды тұлғаларға:

1) көпшілік алдында жеке пікірлерін ҚТКФ, Қызметкерлерді және Лауазымды тұлғаларды жағымсыз күйде немесе бұрмалап көрсететіндей білдірмеуге;

2) осыған қызметтік өкілдіктерге ие болмай ҚТКФ атынан мүдделік танытпауға;

3) есірткі мен тыйым салынған психотроптық заттарды қолданбауға, жұмыс орнында алкогольдік масаңқы күйде болмауға, арнайы шылым шегуге арналған орындарда темекі тартпауға.

5.3. Жалғыз қатысушымен, мемлекеттік органдармен және саяси маңызды адамдармен өзара қатынастары

5.3.1. Негізгі басымдықтардың бірі Жалғыз қатысушы құқықтарын сақтау және қорғау болып табылады.

5.3.1.1. Жалғыз қатысушымен өзара қатынастар ҚТКФ және Жалғыз қатысушы арасында ақпаратпен алмасу тәртібін қоса алғанда ҚР заңнамасының, ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттердің өзге қолданыстағы заңнамаларының, ҚТКФ Жарғысының, сондай-ақ ҚТКФ ішкі құжаттарының талаптарына негізделеді.

5.3.2. ҚТКФ Саяси маңызды адамдармен, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы.

5.3.2.1. Саяси маңызды адамдармен, мемлекеттік органдармен немесе мемлекеттік меншікте болған немесе мемлекеттік бақылауға алынған компаниялармен өзара іс-қимыл жасауда ерекше мұқият болуға тиіс.

5.3.2.2. ҚТКФ мүдделерін танытатын Қызметкерлерге, Лауазымды тұлғалар мен делдалдарға мыналарға:

1) қайсы-бір Саяси маңызды адамдарға ақшалай қаражатты, кәдесыйлықтарды қандай-да болмасын құндылықтарды беруге, қошемет белгілерін көрсетуге;

2) рет-жосықты шапшаңдатқаны үшін Саяси маңызды адамдарға, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік меншікте болған немесе мелекеттік бақылауға алынған компанияларға заңсыз төлемдерді жүргізуге;

3) Саяси маңызды адамдармен бірлесе отырып коммерциялық қызметті жүзеге асыру сыбайлас жемқорлық тәуекеліне келіп соқтыруы мүмкін. Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға ішкі рәсімдерге сәйкес алдын ала тексеріс жүргізбей осы сияқты коммерциялық мәмілелерді жасасуға тыйым салынады.

5.3.2.3. ҚТКФ қызметкерлерін құттықтау үшін Саяси маңызды адамдар шақырылған өндірістік объектілерді салтанатты ашу іс-шараларын, сондай-ақ мемлекеттік және ұлттық мейрамдарды, ҚТКФ және осы Саяси маңызды адамдардың өзара іс-қимылды талқылауы мақсатында өзге іскерлік жиналыстарды өткізуге жол беріледі. Осы ретте аталмыш іс-шаралар/жиналыстар шеңберінде Саяси маңызды адамдарға басқадай шақырылған тұлғаларға қатысты пұрсаттылықтар берілмейді.

5.4. Контрагенттермен және бәсекелестермен өзара қатынастар

5.4.1. Контрагенттермен өзара қатынастарда ҚТКФ мына қағидаттарды ұстанады:

1) заңдылық, айқындық, шарттардың талаптарын сақтау, сатылмаушылық және сыбайлас жемқорлықтың кез келген белгілерінен аулақ болу негізінде іс-қимыл жасау, сондай-ақ мына факторлар: ұтымды баға, сапа және талаптар, Контрагенттің іскерлік беделі негізінде Контрагенттерді іріктеп таңдау;

2) тендер комиссиясының тәуелсіз жұмысын және оның қызметіне араласпауды қамтамасыз ету.

5.4.1.1. ҚТКФ Контрагенттерден қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын, қызметкерлермен адал болуды, балалардың еңбегін пайдаланбауды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды және этикалық мінез-құлықтың өзге қағидаттарын бекем ұстануды күтеді.

5.4.2. қызметкерлерге бәсекелестермен өзара қатынастарда мыналарға тыйым салынады:

1) бәсекелестермен осыған қатысты құпиялылық режимі белгіленген ақпаратпен алмасуға;

2) ҚТКФ жауапкершілігіне әкеліп соқтыруы немесе оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін бәсекелестермен бағалар немесе нарықты бөлу туралы ресми немесе бейресми келісімге келуге/өзара іс-қимыл жасауға;

3) бәсекелестер туралы құпиялы ақпаратқа ие болудың заңсыз әдістерін қолдануға;

4) бәсекелестер, олардың тауарлары/қызметтері туралы жалған мәлімдеме жасауға.

5.4.2.1. ҚТКФ қолданыстағы монополияға қарсы, соның ішінде бәсекелестікті қорғау туралы қолданыстағы жергілікті заңдарды сақтайды.

5.4.2.2. ҚТКФ тек қана адал және дәйекті жарнаманы қолданады және жарнамалық және маркетингтік іс-шараларды жүргізген кезде заңның және үшінші тұлғалар құқықтарының бұзушылықтарына жол бермейді.

5.4.3. ҚТКФ қоғаммен өзара қатынастарда мына қағидаттарды ұстанады:

1) егер осы ҚТКФ Жарғысына, ҚТКФ Жалғыз қатысушысының күтілетін нәтижелері мен талаптарына және басқадай ішкі нормативтік құжаттарға қайшы келмейтін болса экономиканың әлеуметтік елеулі салаларын дамытуға бағытталған бағдарламаларға қолдау көрсетуге ұмтылады.

2) бизнестің әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын қолданысқа енгізеді.

6. ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

6.1. Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу, Мүдделер тартысын болдырмау және реттеу

6.1.1. ҚТКФ бойынша өзі не болмаса үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарға ие болу немесе жеке басы немесе делдалдар арқылы ие болу мақсатында лауазымды тұлғалардың кез келген іс-әрекеті сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшыларды беру арқылы оларды сатып алуға тыйым салынады.

6.1.2. Әрбір ҚТКФ қызметкеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша тікелей міндеттеме жүктеледі.

6.1.3. Қызметкерлер ҚТКФ ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпке сәйкес өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы хабардар етуге міндетті. Осы ретте ешбір ҚТКФ қызметкерімен, егер ол заңсыз іс-әрекеттің жорамалды фактілері туралы хабардар еткен болса не болмаса пара беруден немесе оны алудан, коммерциялық параға сатып алудан немесе парақорлық делдалы болудан бас тартса еңбек шартын бұзуға, ешбір қызметкерді қызметінен төмендетуге жол берілмейді.

6.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу шеңберінде ҚТКФ мына қағидаттарды ұстанады:

1) ҚТКФ қолданыстағы жергілікті және халықаралық заңнаманы, осы Кодекс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау саласында өзге ішкі құжаттарды басшылыққа алады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау саласында әдемдік стандарттарға бейілділігін растайды;

2) ҚТКФ жоғары беделін қолдау мақсатында қызметкерлер күнделікті өз жұмысында сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылған немесе тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастарда болу тәуекелін азайту. Сыбайлас жемқорлыққа тартылған қызметкерлер қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылуға тиіс;

3) ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлықты кез келген нысандарда және түрінде қабылдамау қағидаты («нольдік толеранттық» қағидаты) белгіленді;

4) ҚТКФ сыбайлас жемқорлық тәуекелінің индикаторларын сәйкестестендіріп, тұрақты негізде өзектендіріп отырады, сыбайлас жемқорлық тәуекелін мейлінше азайту бойынша тиісінше рәсімдерді әзірлеп, қолданысқа енгізеді және олардың сақталуына бақылау жүргізеді.

6.1.5. ҚТКФ Қызметкерлердің және Лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен кәсіби міндеттері арасында дау-тартысқа жол бермеуге ұмтылады. Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар мына жағдайлардан аулақ болуға тиіс:

1) Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар ҚТКФ мүдделерін танытуда іс-қимыл жасауға және іскерлік шешімдерді қабылдауға міндетті;

2) Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар кез келген ықтимал мүдделер тартысы туралы алдын ала хабардар етуге тиіс;

3) барлық жағдайларда Мүдделер тартысына әкеліп соқтырған немесе әкеліп соқтыруы мүмкін жағдай реттелуге тиіс.

6.2. Ақпарат құпиялылығы және меншікті қорғау

Құпиялы ақпарат ретінде ҚР заңнамасына және ҚТКФ ішкі құжаттарына сәйкес немесе ҚТКФ қызметін жүзеге асыратын мемлекеттің қолданыстағы жергілікті заңнамасына сай осыған іспеттес ақпарат танылады.

6.2.1. Құпиялы ақпаратпен жұмыс жүргізу кезінде Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар мына қағидаттарды ұстанады:

1) құпиялы ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті шараларды алу;

2) жергілікті қолданыстағы заңнамаға сәйкес құпиялы ақпаратты ашып жария етпеу;

3) құпиялы ақпаратқа санкциясыз қолжетімді болуды және ҚТКФ өзге үшінші тұлғаларына ашып жария етілмеуін болдырмау, деректердің жойылуына немесе өшірілуіне жол бермеу.

6.2.2. Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға инсайдерлік ақпаратты қолдануға тыйым салынады.

6.2.2.1. Жеке мақсаттарда қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру үшін олар үшінші тұлғаларға берілмейді немесе үшінші тұлғаларға ҚТКФ қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға ұсыныс жасауға /мәжбүрлеуге жол берілмейді.

6.2.3. Меншікті қорғау шеңберінде Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар мына қағидаттарды ұстанады:

1) ҚТКФ актілерін түзіп жасау арқылы мүлікті оның ұрлануына, зақымдалуына, жойылуына, оған немқұрайлы қарауға жол бермей мұқият күтіп ұстау;

2) жеке басы үшін пайда көру мақсатында ҚТКФ мүлкін пайдалануға тыйым салу;

3) ҚТКФ зияткерлік меншігін қорғау;

4) кез келген бұзушылықтар немесе алаяқтық жағдайы ішкі құжаттарға сәйкес белгіленген тәртіппен хабарланады.

6.2.4. ҚТКФ мүлкі мен активтері ретінде мыналар болып табылады:

6.2.4.1. Материалдық активтер, ақшалай қаражат, зияткерлік меншік объектілеріне берілген құқықтар, «ноу-хау», бизнес-процестер туралы деректер, еңбек ресурстары, сондай-ақ электрондық пошта және басқадай байланыс жүйелері бойынша берілетін және қабылданатын жазбаша хат-хабар және мәлімет немесе осыларда сақталатын ақпарат.

6.3. Сыйкәделермен алмасу және өкілдік шығыстар

6.3.1. ҚТКФ клиенттермен және контрагенттермен серіктестік қатынастарды дамыта отырып іскерлік практикаға сәйкес корпоративтік сыйкәделермен алмасады. Әрбір қызметкер іскерлік сыйкәделермен алмасу және өкілдік іс-шараларға шақыру іскерлік қатынастардың әлеуметтік танылған компоненті болып табылатынын ұғынады, алайда осы сияқты жағдайлар қайсы-бір жағдаяттарда да ҚТКФ іскерлік беделіне нұқсан келтірмеуге және нақтылы тікелей немесе жанама экономикалық мақсаттарда алынатын іс-әрекет немесе әрекетсіздік үшін «белгілі бір ақы» болып табымайтынын жадында ұстау қажет. Сыйкәде сыйға тартудың заңды мақсатына тікелей байланысты болуға және заңсыз іс-әрекетті жүзеге асыратындай көзқарасты қалыптастырмауға тиіс.

6.3.2. ҚТКФ іскерлік қарым-қатынас процесінде ҚТКФ қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты сыйкәделерді және қызметтерді қабылдап алу/ұсыну саласында негізгі реттеу міндеттерін, қағидаларын және шектеулерін, сондай-ақ оларды қабылдап алуға/сыйға тартуға себеп болған жағдайларды айқындайды. Кез келген рұқсат етілмеген сыйкәделер сыйға тартушыдан оларды табыс ету сәтінде алынбауға/кері қайтарылуға тиіс.

6.3.3. Сыйкәде ретінде ҚТКФ жұмысына байланысты алынған материалдық немесе материалдық емес нысанда, осы үшін оның кәдуілгі бағасын төлеуді міндеттемейтін кез келген құндылық саналады, соның ішінде ақша, бағалы қағаздар мен өзге мүлік, табыс және мүліктік сипатындағы қызметтер (жұмыстар, қызметтер, ойын-сауық, тынығу, көлік шығыстарының төлемақысы, жеңілдіктер, мүлікті, соның ішінде тұрғын жайды пайдалануға беру, қайырымдылық салымдары және өзгесі).

6.3.4. Сыйкәделерді сыйға тартуға немесе оларды алуға жол берілмейді.

6.3.6. Ешбір жағдайда да сыйкәделерді сыйға тарту/оларды сыйға алу қызметкердің және/немесе тұтастай ҚТКФ беделіне теріс әсерін тигізетіндей жасырын сыйақы болмауға тиіс.

6.3.7. ҚТКФ қызметкерінің отбасы мүшелеріне, жақын тумаларына немесе өзге жақын адамдарына осы сияқты қызметкердің ҚТКФ функционалдық және қызметтік міндеттерді орындауға, жоғары қызметке ауыстыруға не болмаса қызметке

тағайындауға байланысты қандай да болмасын іс-әрекетті (әрекетсіздік) жасағаны үшін алғыс ретінде кәдесыйлықтарды беруге жол берілмейді.

6.3.7.1. Контрагенттерге немесе өзге тұлғаларға берілген немесе Қызметкерлермен немесе Лауазымды тұлғалармен алынған барлық сыйкәделер ашып көрсетілуге және Қызметкерлер оларды сыйкәделер мен қошемет белгілерін тіркеу журналында тиісті жазба белгісін жасау арқылы тіркеуге тиіс.

6.3.8. Сыбайлас жемқорлық үшін жағдайларды қалыптастыратын құқық бұзушылықтар, сондай-ақ игіліктер мен артықшылықтарға заңсыз ие болумен байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қызметкер ҚР заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.3.9. Өкілдік шығыстар, соның ішінде ҚТКФ атынан қызметкерлердің басқадай адамдарға және ұйымдарға іскерлік қошемет көрсету не болмаса қызметкерлердің ҚТКФ жұмысына байланысты басқадай ұйымдар тарапынан қошемет көрсету төменде көрсетілген критерийлер жиынтығына сәйкес болуға тиіс:

- 1) ҚТКФ қызметінің заңды мақсаттарына тікелей байланысты болу;
- 2) парасатты негізделіп, осыған шамалас болу;
- 3) ұсынылған қызмет, іс-әрекет, әрекетсіздік, үшін жасырын сыйақыны, бетімен жіберушілік, қолдаушылық, құқықтарды берушілік, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және б.ө. туралы нақтылы шешім қабылдау немесе өзге заңсыз немесе этикалық тұрғыдан жағымсыз мақсаттарда алушыға ықпал ету әрекетін жасау;
- 4) сыйкәделер немесе өкілдік шығыстар туралы ақпараттың ашып жария етілген жағдайында ҚТКФ, оның қызметкерлерінің және өзге Мүдделі тараптардың беделіне нұқсан келтіру тәуекелін қалыптастырмау;
- 5) Кодекстің, ҚТЕКФ ішкі құжаттары мен қолданыстағы заңнама нормаларының қағидаттары мен талаптарына қайшы келмеу.

6.4. Қайырымдылық және демеушілік көмек

6.4.11. ҚТКФ қайырымдылықты және демеушілік көмекті тек қана ҚМГ келісімі бойынша ақшалай қаражатты «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларын дамыту қорына аудару арқылы көрсетуі мүмкін.

7. ОМБУТСМЕН ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

7.1. Омбутсмен міндеттері:

- 1) осы Кодекс ережелері бойынша іскерлік этика мәселелері, Қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек мәселелері, кемсітушілік, сексуалдық және өзге сипатта тиісу, еңбек даулары және өзге жөнінде түсірдірме және кеңес беру;
- 2) бейтарап, алаламау және тәуелсіз болу, істерді қарау кезінде процестерді адал және теңдес құқықтармен жүргізу, ешбір Қызметкерге жақтаспау;

3) ақпараттың құпиялылығын және жеке құқықтарын және/немесе осы Кодекстің ережелерін бұзушылықтарына жол беру фактісі бойынша өтініш білдірген Қызметкердің және/немесе Лауазымды тұлғаның аты-жөнін жария етпеуді қамтамасыз ету;

4) өтініш білдірген Қызметкерлерге, Лауазымды тұлғаларға, еңбек дауларының қатысушыларына жеке құзырлығы шегінде кеңес беру және өзара тиімді, конструктивті және іске асырылуға тиіс шешім қабылдауға ықпалдасу;

5) жүйелі сипатқа ие және тиісінше шешімдерді қабылдауды талап ететін анықталған проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін тиісінше органдар мен Лауазымды қызметкерлердің пысықтауына шығару;

6) анықталған бұзушылықтарға белгіленген тәртіппен тергеу жүргізу бойынша жұмысты үйлестіру болып табылады.

7.2. Комплаенс офицердің міндеттері:

1) осы Кодекстің ережелері бойынша, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық, алаяқтық, іскерлік сыйкәделер мен қошемет көрсету белгілері, мемлекеттік органдармен өзара қатынастар мәселелері бойынша, осы мәселелер бойынша ішкі тергеулер жүргізу бойынша түсіндірме және кеңес беру;

2) жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша осы Кодекс ережелерінің сақталуына мониторинг және бақылау жүргізуді жүзеге асыру;

3) бұзушылықтар анықталған жағдайда Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға қатысты тәуелсіз және объективті ішкі тергеу жүргізуге бастамашылық таныту және оны жүргізу болып табылады.

8. КОДЕКСТІҢ САҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ

8.1. ҚТКФ қайсы-бір қызметкерінің өз іс-әрекетінің этикалық нормаларға қайшы келмеуіне немесе заңды болуына, сондай-ақ іс-әрекеті, әрекетсіздігі немесе басқадай қызметкерлердің, ҚТКФ өзара іс-қимыл жасайтын органдардың, контрагенттердің немесе өзге мүдделі тұлғалардың ұсыныстарына күмәнданған жағдайда, олар осы жайлы белгіленген тәртіппен (соның ішінде жасырын (анонимді) түрде) мына байланыс арналары (жедел желі) бойынша хабардар етеді:

1) Омбудсмен

Телефон: 8/7172/ 78 65 60

E-mail: ombudsman@kmg.kz

2) Орталықтандырылған «Жедел желі»:

Телефон: 8 800 080 47 47 (ҚР аумағы бойынша қоңырау шалу тегін)

WhatsApp: [8 771 191 88 16](tel:87711918816)

Интернет портал: www.sk-hotline.kz

E-mail: mail@sk-hotline.kz

ҚТКФ «Жедел желісі»:

Сенім телефоны: [+7 \(7292\) 535 823](tel:+77292535823)

E-mail: doverie@kmtf.kz

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Әрбір ҚТКФ қызметкері және лауазымды тұлғасы осы Кодекстің ережелерімен танысуға және осы Кодекске қоса берілген *Қосымшаға* сәйкес Кодекспен таныстырылғаны туралы растама нысанына қол қоюға тиіс;

9.2. Кодекс қағидалардың соңғы жинағы болып табылмайды және қызметкерлер мен Мүдделі тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін орындауы барысында және ҚТКФ өзара барлық қатынастарда туындайтын жағдайлар үшін ұсынымдарды көздестірмеуі мүмкін.

9.4. Кодекспен тікелей көздестірілмеген жағдайда шешімдерді қабылдау қажет болған кезде әрбір қызметкер және/немесе мүдделі тұлға мына сауалдарға іштей жауап беруі қажет:

✓ *Менің абыржушылығымды тудырып отырған осы іс-әрекет қаншалықты заңды?*

✓ *Ол ҚТКФ корпоративтік құндылықтары мен мүдделеріне сәйкес келе ме?*

✓ *Ол ҚТКФ үшін қандай да болмасын жағымсыз тәуекел тудыра ма?*

✓ *Осы ҚТКФ беделіне теріс әсерін тигізе ме?*

✓ *Осы адал әрі әділ бола ма?*

✓ *Мен осы сияқты өкілдікке ие боламын ба?*

✓ *Менің іс-әрекетім ҚТКФ басқадай қызметкерлеріне жақсы үлгі бола ма?*

9.5. Егер осы кез келген мәселелерге жауап – теріс берілген болса немесе Кодексті қолдануға байланысты сауалдар туындайтын болса, онда осы жағдайды тікелей басшымен, қызметкерлер құрамын басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен, Бас директормен талқылаған жөн. ҚТЕФ Кодекстің сақталмау фактілері және/немесе өзге бұзушылықтар туралы хабардар еткені үшін ешбір қызметкердің қудаланбайтынына кепілдік береді.

Қосымша

Растама нысаны

Осы нысанды «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Іскерлік этика кодексінде белгіленген іскерлік этика қағидаттары мен мінез-құлық қағидаларын мұқият зерделеп, ұғынғаныңызға және оның қағидаттарын адал ұстану міндетін артқаныңызға растама ретінде қолданыңыз.

Толтырылған және қол қойған растама нысаны ҚТКФ еңбек және/немесе қызметтік міндеттерін орындап бастаған сәтінен бастап ҚТКФ еңбек міндеттерін орындаған мерзім ішінде әрбір қызметкердің жеке ісінде сақталады.

Растама

(осы нысанды толтырыңыз, оған қол қойыңыз және кадрлық жұмысқа жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге жолдаңыз).

1. Мен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Іскерлік этика кодексімен толық көлемде таныстым, оның мазмұнын ұғындым.
2. Мен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Іскерлік этика кодексінде белгіленген іскерлік этика қағидаттары мен мінез-құлық қағидаларын адал ұстануға міндеттенемін.

Т.А.Ә.а _____

Қолы _____

Күні 20 ____ жылғы « ____ » _____